

**ҚР
МЕДИЦИНАЛЫҚ
КӨМЕК КӨРСЕТУ**

ТМККК ЖӘНЕ МӘМС



ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢДАР

- *Қазақстан республикасының Конституциясы*
- *Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекс*
- *Денсаулық сақтау саласын дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама*
- *Қазақстан республикасы Үкіметінің қаулылары*
- *Салалық қаулылар мен бағдарламалар*

МАҚСАТ

Қазақстан халқының денсаулығын сақтап, нығайту мақсатында азаматтарды қолжетімді әрі сапалы медициналық көмекпен, денсаулықты қорғау саласындағы құқықтарын қамтамасыз ету

МІНДЕТТЕР

Қазақстан республикасы азаматтарының денсаулығын жақсартуды құқықтық жағынан қамтамасыз ететін жағдайлар жасау

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ



АЗАМАТТАР қауіпсіз, тиімді және сапалы медициналық көмекті **ТЕҢДЕЙ НЕГІЗДЕ ПАЙДАЛАНУҒА ҚҰҚЫЛЫ**

ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК: мемлекет, жұмыс берушілер мен халықтың жеке және қоғамдық денсаулықты сақтап, нығайтуға жауапты

Ана мен бала денсаулығын **ҚОРҒАУ**

ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ - ұлттың қауіпсіздігі

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒЫТ ҰСТАНАДЫ

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ мен дұрыс тамақтануды қалыптастыру

Денсаулық сақтау жүйесі **ПРОФИЛАКТИКАҒА БАСЫМДЫҚ БЕРЕДІ**

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ

Азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы құқықтарын қамтамасыз ету ісіне **ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІ ҚАТЫСТЫРУ**

Медициналық көмек көрсету барысында медицина ұйымдарының **БІРЛЕСІП ӘРЕКЕТ ЕТУІ**

ЕРІКТІ, ӨТЕУСІЗ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ жасауға ынталандыру



МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТАРИФІ

Тариф қандай шығындардан құралған?

- ✓ Медицина қызметкерлерінің жалақысы, салық және бюджетке төленетін басқа төлемдер, қызметкерлер үшін адарылатын міндетті жарналар
- ✓ Дәрі-дәрмек пен шыққан материалдардың құны
- ✓ Науқастарды тамақтандыруға кететін шығындар
- ✓ Науқастарды төсек-орынмен қамтамасыз ету (төсек-жапқыш, көрпе-жастық, матрас т.б.)
- ✓ Дәрігерлердің біліктілігін арттыру және оқыту (іс-сапар шығынын қосқанда)
- ✓ Коммуналдық қызмет ақысы
- ✓ Медицина ұйымының жұмысына қажетті тұрмыстық тауарлармен және қызметтермен қамтамасыз ету
- ✓ Медициналық қондырғыларға сервистік қызмет көрсетуге кететін шығындар



Медициналық қызметтердің тарифін қалыптастыру барысында
ПАЙДА ЕСЕПЕ АЛЫНБАЙДЫ

Үш деңгейлі медициналық көмек жүйесі



ҮШІНШІ ДЕҢГЕЙ

Салалық мамандар тарапынан амбулаторияда, стационарда және стационарды алмастыратын жағдайларда (оның ішінде бірінші және екінші деңгей мамандарының жолдамасы арқылы), жоғары технологиялардың көмегімен көрсетілетін медициналық көмек



ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙ

салалық мамандар тарапынан амбулаторияда, стационарда және стационарды алмастыратын жағдайда көрсетілетін медициналық көмек (соның ішінде бірінші деңгейдегі медицина мамандарының жолдамасы бойынша)



БІРІНШІ ДЕҢГЕЙ

бастапқы медициналық-санитарлық көмек мамандары тарапынан амбулаторияда, стационарды алмастыру және үй жағдайында көрсетілетін көмек



Медициналық қызметті пайдаланушылар

ТМККК

Кепілдендірілген медициналық көмектің толық пакеті

ҚР азаматтары
қандастар (оралмандар)
босқындар
Қазақстан республикасы аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер
Қазақстан республикасы аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдар


Қоршған ортаға қауіп төндіретін ауруларға шалдыққан сырқаттарға арналған ТМККК

Қазақстан республикасында уақытша тұратын шетелдіктер
Қазақстан республикасында уақытша жүрген азаматтығы жоқ адамдар
баспана іздеушілер

МӘМС

Аударымдар мен жарна төлейтін санаттар (сақтандырылған):

ҚР азаматтары
Қазақстан республикасы аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер (тұруға рұқсаты бар)
Қазақстан республикасы аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдар
қандастар (оралмандар)
Қазақстан республикасы аумағында уақытша тұратын шетелдіктер және олардың отбасы мүшелері





РЕЗИДЕНТ ЕМЕС АЗАМАТТАРҒА МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ

1 Тұрақты тұратындар

Растайтын құжат:
ЫХТИЯРХАТ

1. Тұрғылықты мекен-жай бойынша **емханаға тіркелу**
2. **Медициналық қызмет толық көлемде көрсетіледі**, соның ішінде – жедел жәрдем, бастапқы медициналық-санитарлық көмек, амбулаторлық, стационарлық және стационарды алмастыратын көмекпен, сондай-ақ дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіледі
3. **Балалар: медициналық көмек ата-ананың ықтиярхаты негізінде көрсетіледі**

2 ЕАЭО елдерінің азаматтары (уақытша тұратындар)

Растайтын құжат:
ЕҢБЕК КЕЛІСІМШАРТЫ (еңбек шарты)

ЕАЭО елдерінен келген еңбек мигранттары
бастапқы медициналық-санитарлық көмек пен стационарлық көмек алу үшін ерікті медициналық сақтандыру полисін алуы шарт
(Көші-қон туралы заң 35-бап)



Өзгелерге қауіп төндіретін ауруларға шалдыққандарға медициналық көмек Қазақстан республикасының азаматтығына, сақтандыру мәртебесе қарамастан көрсетіледі



МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТӨЛЕУШІЛЕР

Аударымдар

- жұмыс берушілер, оның ішінде Қазақстан республикасында тұрақты мекемелер арқылы жұмыс істейтін шетелдік заңды тұлғалар, сондай-ақ, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары, өкілдіктері

Жарна

- мемлекет
- жалдамалы жұмысшылар (әскери қызметкерлерді, құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдар қызметкерлерін қоспағанда)
- жеке кәсіпкерлер
- жеке практикамен айналысатын тұлғалар (адвокаттар, нотариустар, жеке сот орындаушылары т.б.)
- азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде табыс табатын жеке тұлғалар
- өз бетінше төлеушілер (соның ішінде Қазақстан республикасынан сыртқа шығып кеткен азаматтар)
- бірыңғай жиынтық төлем төлеушілер

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар жарна төлемейді (Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен қандастарды қоспағанда) (Міндетті медициналық сақтандыру туралы заңның 14-бабы),

МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН САҚТАНДЫРЫЛАТЫН 15 САНАТ



1 Балалар

Жүктілігіне немесе босануына байланысты, жаңа туған сәбиді (балаларды) асырап алуына байланысты, 3 жасқа дейінгі бала күтімімен айналысу үшін демалысқа шыққандар

3



Жұмыссыз ретінде ресми тіркелгендер

4



Жұмыссыз қандастар (оралман статусын алғаннан кейін 1 жыл)

5



2 3 жасқа толмаған бала күтімімен айналысатын жұмыссыз азаматтар

2

Жұмыс істемейтін жүкті әйелдер

6



Мүгедек бала күтімімен үйде отырған жұмыссыз азаматтар

7

Бала кезінен I топ мүгедегін күтумен айналысатын жұмыссыз азаматтар

8



9 Зейнетақы төлемдерін алушылар, Ұлы Отан соғысының ардагерлері

9

Сот үкімі бойынша қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) мекемелерінде жазасын өтеп жатқан азаматтар (қауіпсіздік деңгейі төмен мекемелерді қоспағанда)

10



11 Тергеу изоляторында отырғандар

11

"Алтын алқа", "Күміс алқамен", бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған көпбалалы аналар

12



13 Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар

13



14

орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының күндізгі оқу бөлімінде оқып жатқан азаматтар



15

Мүгедектер



МӘМС ҮШІН КІМ ҚАНША ТӨЛЕЙДІ

ЖАЛДАМАЛЫ ЖҰМЫСШЫЛАР

жұмыс беруші әр қызметкер жалақысынан 2%* көлемінде жарна аударады және жалақыдан 2%* жарна ұстап, Қорға аударады

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕР, шаруа қожалықтарының иелері, жеке практикамен айналысатын жеке тұлғалар

2 975 теңге (1,4 ең төменгі жалақының 5%, ең төменгі жалақы = 42 500 теңге)

БЖТ төлеушілер

(жалдамалы жұмысшысы жоқ және жеке кәсіпкерлерлік нысаны ретінде тіркелмеген),

республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін - 2 917 теңге (1 АЕК)
басқа елді мекендер үшін - 1 458,5 теңге (0,5 АЕК)

ӨЗ БЕТІНШЕ ТӨЛЕУШІЛЕР

2125 теңге (1 ең төменгі жалақыдан 5% ең төменгі жалақы = 42 500 теңге)

Азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде еңбек ететін жеке тұлғалар

табыстың 2%*



*** ең жоғары төлем - 8500 теңге, бұл 10 ең төменгі жалақының 2% құрайды, $(425000 \times 2\% = 8500)$**



Сіз қате төленген жарналарды «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы қайтарып ала аласыз

1

ХҚКО-на барып, ақшаны қайтарып алуға өтініш жазу қажет («Міндетті медициналық сақтандыру туралы» ҚР Заңының 17-бабы 1-тармағы 2-тармақшасы)

Өтінімге төлемді растайтын құжаттарды қоса жібересіз (стандартты нысандағы растау куәлігі немесе төлем құжатының көшірмесі)

2

Мемлекеттік корпорация өтінішті түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тексереді



ЖАРНАНЫ ҚАЛАЙ ТӨЛЕУГЕ БОЛАДЫ?

екінші деңгейлі банктер және олардың интернет-банкінг қызметі арқылы

Kaspi.kz мобильді қосымшасы арқылы

«Қазпочта» АҚ филиалдары арқылы

төлем терминалдары (Qiwi, Kassa24 және т.б.)

медицина ұйымдарындағы төлем терминалдары арқылы



ҚАРЫЗ ҚАЛАЙ ӨТЕЛЕДІ

МӘМС жүйесінде сақтандыру мәртебесін тексерген кезде, ҚАРЫЗ ПАЙДА БОЛСА, онда

ЖҰМЫСШЫЛАР жұмыс берушінің бухгалтериясына хабарласып, аударымның түспеу себебін анықтап алуы қажет

ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАНДАР және төлеушілердің басқа санаттары – қарызды өз бетінше төлей алады

Жеңілдік санаттарына енгізілген, мемлекет тарапынан сақтандырылған АЗАМАТТАР
Қарыз жеңілдік санатында болған кезеңде туындаған болса, МСҚ-на қарызды жою туралы өтініш жазады, растайтын құжаттарды қоса жібереді

БЖТ төлеушілер (бірыңғай жиынтық төлем). БЖТ – **алдыңғы үш айға және ағымдағы ай үшін төленген болуы шарт**. Ағымдағы айға төленбеген жағдайда төлеуші статусынан айырылады және МСҚ жүйесінде медициналық көмек алу құқығын жоғалтады



БЖТ төлемін мүмкіндігінше алдын-ала төлеген дұрыс



МӘМС туралы заңның 5-бабы 3-тармағына сәйкес, азаматтар сақтандыру статусын алу үшін төленбеген кезең үшін қордаланған **қарызды өтеуі керек:**

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакетіне кіретін медициналық көмекті пайдалану үшін қорға жарна/аударым төленбеген кезең үшін қордаланған қарызды өтеуге міндетті. Бірақ өтелетін қарыз мөлшері 12 айдан аспайды»



Медициналық көмекке жүгінген кезде төленген БЖТ төлемдері кем дегенде алдыңғы үш айға қатарынан төленген болуы шарт

Күндізгі, қашықтан-күндізгі формада оқитын СТУДЕНТТЕР СТАТУСЫН ҚАЛАЙ РАСТАЙ АЛАДЫ

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕР

- ⇒ отандық білім беру ұйымдарында оқитын студенттер туралы мәліметтер **ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ БАЗАСЫНА (НОБД)** енгізілуі керек
- ⇒ Егер студент сақтандырылмаған болса, оқу орны ол туралы мәліметті базаға (НОБД) енгізіп, толтырылған деректердің дұрыс-бұрыстығын тексеруі тиіс.

ШЕТЕЛДЕ ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕР



- ⇒ Шетелдік оқу орындарында оқитын студенттер электронды үкімет порталына кіріп, **«ШЕТЕЛДЕ ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕРДІ ТІРКЕУ»** қызметі арқылы тіркелуі қажет

Өтінімге оқып жатқанын растайтын құжаттар қоса тіркелуі керек

Оқу орны берген анықтаманы (онда оқу курсы және оқу мерзімі көрсетілуі тиіс) жібереді

Өтінімге ЭЦҚ арқылы қол қойылуы керек

«ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙТІН ЖҮКТІ ӘЙЕЛ» МӘРТЕБЕСІН ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?



«ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙТІН ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕР»

Жеңілдік санатына кіріп, сақтандыру мәртебесін алу үшін учаскелік дәрігерге/акушерге барады. Дәрігер ол туралы мәліметті «Жүкті әйелдер мен фертильді жастағы әйелдер регистрі» ақпараттық жүйесіне (РБиЖФВ) енгізеді

Статус автоматты түрде 3 жұмыс күні ішінде беріледі



Егер жұмыс істемейтін жүкті әйел **БЖТ** төлеген болса, онда автоматты түрде жүйеден шығарылады және **статустан айырылады**

Жүкті әйел жұмыссыз екенін растау үшін, кем дегенде **екі ай** қатарынан (мәртебе берілгенге дейін) ол үшін зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар төленбеген болуы керек

«Жүкті және фертильді жастағы әйелдер регистрі» АЖ
ЖҮКТІ ӘЙЕЛДІ 3 МАМАН ТІРКЕЙ АЛАДЫ

- 1 Учаскелік дәрігер, **кепілдендірілген тегін медициналық көмек пакеті** шеңберінде тіркейді. Ол үшін сақтандыру мәртебесінің қажеті жоқ.
- 2 Учаскелік акушер, **кепілдендірілген тегін медициналық көмек пакеті** шеңберінде тіркейді
- 3 Акушер-гинеколог, **міндетті медициналық сақтандыру пакеті** шеңберінде тіркейді. Ол үшін пациент сақтандырылған болу шарт.



ӘЙЕЛДІҢ НЕМЕСЕ БАЛАНЫҢ ӨМІРІНЕ/ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАУІП ТӨНГЕН жағдайда, сондай-ақ толғақ басталған кезде МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК сақтандыру мәртебесіне қарамастан КӨРСЕТІЛУІ КЕРЕК



ТМККК және МӘМС пакеттері

ТМККК

1. Жедел жәрдем, медициналық авиация қызметі
2. Бастапқы медициналық-санитарлық көмек (БМСК)
3. Амбулатория жағдайында көрсетілетін медициналық көмек (диагностика және ауруды емдеу)
4. Стационарды алмастыратын көмек (күндізгі стационарда және үйде емдеу)
5. Стационарлық жағдайда көрсетілетін медициналық көмек (тәулік бойы бақылау)
6. Медициналық оңалту
7. Паллиативтік көмек
8. Қан өнімдерімен және оның компоненттерімен қамтамасыз ету
9. Патологоанатомиялық диагностика
10. Донорды дайындау (қайтыс болғаннан кейін)
11. Қазақстан республикасы азаматтарын шетелде емдеу және оларды отандық клиникаларда емдеуге шетелден мамандар шақыруға қаржы бөлу
12. Дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету

МӘМС

1. Амбулатория-емхана деңгейіндегі көмек (диагностика және ауруды емдеу)
2. Стационарды алмастыратын көмек, елдегі эпидемиологиялық жағдайды нашарлататын ауруларға шалдыққандарға (немесе соған күдік туындаған кезде) үй жағдайында стационарлық қызмет көрсету
3. Стационарлық медициналық көмек
4. Медициналық реабилитация
5. Патологоанатомиялық диагностика
6. Донорды дайындау (қайтыс болғаннан кейін)
7. Дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз ету





1 МЕДИЦИНАЛЫҚ АВИАЦИЯНЫҢ КӨМЕГІМЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӨРДЕМ

медициналық бұйымдар (*медициналық техника*) немесе мамандар болмауы салдарынан **медициналық көмек көрсету мүмкін болмаған кезде**

Науқасқа екінші және үшінші деңгей **мамандарын жеткізу** кезінде

науқасқа медициналық көмек көрсету мүмкін болмаса немесе тиімсіз болған жағдайда екінші және үшінші деңгей **мамандарын медицина ұйымына жеткізу** қажет болғанда

трансплантация жасауға қажетт **ағзалар мен тіндерді жеткізу кезінде**

2 БАСТАПҚЫ МЕДИЦИНА-САНИТАРЛЫҚ КӨМЕК

кең таралған дерттерді **диагностикалау, емдеу және динамикалық бақылау**

халықтың белгілі бір топтары арасында **профилактикалық бақылау жүргізу**, қауіп факторларын **ерте анықтау және мониторинг жасау**, оларды төмендету жолдарын үйрету **иммунизация**

салауатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау

репродуктивті денсаулықты сақтау

жүкті және емізулі баласы бар аналарды **бақылау** инфекциялық дерт ошақтарында **санитарлық-эпидемиологиялық және санитарлық-профилактикалық іс-шаралар жүргізу**

3 амбулатория жағдайындағы АРНАЙЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК

ВИЧ пен туберкулездің алдын алу, диагноз қою

Жарақат алу, улану сынды тағы да басқа **шұғыл жағдайларда** көрсетілетін қызметтер (елдегі эпидемиологиялық жағдайды нашарлататын дерттер мен оның таралу қаупі туындаған жағдайда көрсетілетін мобильді бригада қызметі)

ЖҚТ ауруларын диагностика жасау және емдеу (ҚР ДСМ-108/2020 бұйрығы)

динамикалық бақылауға алынатын созылмалы дерттерге **диагноз қою және емдеу** (ДСМ-16бұйрығы)

4 стационарды алмастыратын МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК

ЖҚТ ауруларын емдеу

МӘМС жүйесінде тіркелмеген тұлғалар елдегі эпидемиологиялық ахуалды нашарлататын дерттермен ауырғанда **үйдегі стационар қызметі**

динамикалық бақылауға алынатын созылмалы ауруларды емдеу (ҚР ДСМ-16 бұйрығы)

5 Туберкулезге шалдыққан науқастарды емдеу барысында жүргізілетін МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҢАЛТУ

6 ПАЛЛИАТИВТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК (№ 96 бұйрық)

7 стационарды алмастыратын және стационар жағдайында арнайы медициналық көмек көрсету кезінде ҚАН ПРЕПАРАТТАРЫМЕН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

8 амбулатория, стационарды алмастыру және стационар жағдайында арнайы медициналық көмек көрсету кезінде ПАТОЛОГОАНАТОМИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКА

9 стационар жағдайдағы АРНАЙЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК

айналаға қауіп төндіретін инфекциялық (паразитарлық/вирустық) ауру жұқтырған (күдікпен) науқаспен байланыста болған **тұлғаларды оқшаулау кезінде**

айналаға қауіп төндіретін инфекциялық, паразитарлық ауруларды **емдеу кезінде** МӘМС жүйесінде тіркелмеген тұлғаларға **шұғыл түрде** (тәулік бойғы стационардың қабылдау бөлімінде көрсетілетін ем-диагностика шаралары) тиісті орган бекіткен сырқаттар тізімі бойынша **жоспарлы түрде** (№ 669 бұйрық)

10 ҚАЙТЫС БОЛҒАН ДОНОРДЫ ағза мүшелері мен тіндерін алуға дайындау (алу, консервация, дайындау, сақтау, тасымалдау) (ҚР ДСМ-13 бұйрығы)

11 ҚР азаматтарын ШЕТЕЛГЕ ЕМДЕУГЕ ЖІБЕРУ немесе отандық медициналық ұйымдарда емдеу үшін шетелден мамандар тарту

12 ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН, МЕДИЦИНАЛЫҚ БҰЙЫМДАРМЕН, емдік тағамдармен, арнайы иммунобиологиялық дәрілік препараттармен ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ:

1) жедел жәрдем, сондай-ақ, **стационарды алмастыратын және стационар жағдайында** көрсетілетін арнайы көмек (соның ішінде жоғарғы технологиялық көмек көрсету)

2) **профилактикалық екпе** жасалатын дерттер тізіліміне тиісті бастапқы **медициналық-санитарлық көмек (БМСК)** көрсету;

3) **амбулатория жағдайында** тегін немесе жеңілдікпен қамтамасыз етілетін дәрілер мен медициналық бұйымдар тізілімі негізінде

БМСК және арнайы медкөмек көрсету (№ 666 бұйрық)



М Ә М С

1

Амбулатория жағдайында көрсетілетін

АРНАЙЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК

медициналық тексерулер (№685 бұйрық)

салалық мамандардың қабылдауы мен кеңесі, сондай-ақ, елдегі эпидемиологиялық жағдайды нашарлататын ауруларға шалдыққан пациенттерге (күдік болған жағдайда) үйде мобильді бригада қызметін көрсету
созылмалы дерттерге шалдыққандарды салалық мамандар тарапынан динамикалық бақылау

халықтың жеелеген топтарына шұғыл және жоспарлы түрде көрсетілетін стоматологиялық көмек (ҚР ДСМ-106/2020 бұйрығы)

Диагностикалық қызметтер, оның ішінде лабораторлық диагностика

Тізімге енгізілген процедуралар мен манипуляциялар (№626 бұйрық)

2

стационарды алмастыратын

АРНАЙЫ, ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ медициналық көмек

3

елдегі эпидемиологиялық жағдайды нашарлатуы мүмкін дерттер (және оларға күдік туғанда) бойынша көрсетілетін

ҮЙДЕГІ СТАЦИОНАР ҚЫЗМЕТІ

4

стационар жағдайындағы

АРНАЙЫ, ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ медициналық көмек

жоспарлы түрде, ТМККК пакетіне енетін қызметтерді қоспағанда

шұғыл түрде, оның ішінде тәулік бойғы стационардың қабылдау бөліміндегі емдеу-диагноз қою араларын қоса алғанда (ТМККК пакетіндегі қызметтерді қоспағанда)

5

МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҢАЛТУ *тиісті орган бекіткен аурулар тізімі бойынша (ҚР ДСМ-116/2020 бұйрығы)*

6

амбулатория, стационарды алмастыру және стационар жағдайында арнайы медициналық көмек көрсету кезіндегі **ПАТОЛОГОАНАТОМИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКА**

7

ҚАЙТЫС БОЛҒАН ДОНОРДЫҢ

ағза мүшелері мен тіндерін алуға дайындау (алу, консервация, дайындау, сақтау, тасымалдау) (ҚР ДСМ-13 бұйрығы)

8

ДӘРІЛІК ЗАТТАРМЕН, медициналық бұйымдармен, арнайы емдеу өнімдерімен, иммунобиологиялық препараттармен қамтамасыз ету

1) **стационар және стационарды алмастыратын көмек** денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формулярлары бойынша арнайы, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету

2) Халықтың белгілі бір ауруларға шалдыққан жекелеген санаттарына арналған, тиісті орган бекіткен дәрілік заттар, медициналық бұйымдарды пайдалана отырып **амбулатория жағдайында** бастапқы медициналық-санитарлық және арнайы медициналық көмек көрсету (№666 бұйрық)

ТМККК/МӘМС ШЕҢБЕРІНДЕ ДӘРІМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

ДӘРІ-ДӘРМЕК

МЕДИЦИНАЛЫҚ БҰЙЫМДАР

ИММУНОБИОЛОГИЯЛЫҚ
ДӘРІЛІК ЗАТТАР (ЕКПЕЛЕР)

АРНАЙЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ
ӨНІМДЕР

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК



жедел медициналық жәрдем



бастапқы медициналық-санитарлық көмек
(профилактикалық екпелерді қоса)



амбулатория, стационар, стационарды алмастыру жағдайында,
үйдегі стационарда көрсетілетін мамандандырылған
көмек

АМБУЛАТОРИЯ ДЕҢГЕЙІНДЕ ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН ҚАМТАМСЫЗ ЕТУ



диспансерлік есепте тұрған науқастар
(балалар мен ересектер)



белгілі бір диагноздар (жағдайлар) қойылған
немесе медициналық көрсеткіштері бар
науқастар (балалар мен ересектер)

ШҰҢЫЛ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛЫ ТЕГІН СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК КІМДЕРГЕ КӨРСЕТІЛЕДІ



Жоспарлы көмек

- 1 18 жасқа дейінгі балалар
- 2 жүкті әйелдер



жоспарлы көмек учаскелік дәрігердің
жолдамасы негізінде көрсетіледі



ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Халықтың жедел
және жоспарлы стоматологиялық көмек ала алатын
жекелеген санаттарының тізімін бекіту туралы» 2020
жылы 21-қыркүйектегі №ҚР DSM-106/2020 бұйрығы



Жедел көмек

- 1 18 жасқа дейінгі балалар
- 2 жүкті әйелдер
- 3 Ұлы Отан соғысының ардагерлері
- 4 1, 2, 3 топ мүгедектері
- 5 «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен
марапатталған көп балалы аналар
- 6 атаулы әлеуметтік көмек алушылар
- 7 зейнеткерлер
- 8 жұқпалы, әлеуметтік маңызы бар
аурулармен және басқаларға қауіп
төндіретін аурулармен ауыратын азаматтар
- 9 мүгедек бала күтімімен айналысатын
жұмыссыздар
- 10 бала кезінен бірінші топтағы мүгедекке
күтім жасайтын жұмыссыздар

Созылмалы ауруларды динамикалық бақылау



Созылмалы аурулары бар науқастарды динамикалық бақылау аурудың асқынуына, өршуіне жол бермеу мақсатында және медициналық оңалту мақсатында жүргізіледі.

Созылмалы аурулармен ауыратын науқастарға медициналық көмекті тіркелген емхана мамандары мен консультациялық-диагностикалық орталықтар (ауруға байланысты) көрсетеді

- бастапқы медициналық-санитарлық көмек дәрігерлері (жалпы практика дәрігері, учаскелік педиатрлар)
- орта деңгейлі медицина қызметкерлері (учаскелік медбике немесе фельдшер)
- салалық маман (медициналық көрсеткіштеріне қарай) Қажеттілік болған жағдайда, оған денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкерлер, психологтар мен салауатты өмір салтын қалыптастыру кеңселерінің мамандары қатысады

Созылмалы аурулардың 25 тобы

Инфекциялық және паразиттік аурулар

1. Созылмалы вирустық В, С және D гепатиті

Қанайналым жүйесі аурулары

2. Артериялық гипертензия

3. Жүректің ишемиялық ауруы

4. Брахицефалиялық артериялардың экстракраниальды аурулары

5. Жүрек қақпақшаларының зақымдануы

6. Аритмия, жүрекше фибрилляциясы және флебит

Қан және қан жасаушы органдардың аурулары

7. Қан ұю факторларының тұқым қуалайтын жетіспеушілігі, фон Виллебранд ауруы

Тыныс алу органдары аурулары

8. Төменгі тыныс жолдарының созылмалы аурулары

Ас қорыту жүйесінің аурулары

9. Жоғарғы асқазан-ішек жолдарының аурулары

10. Инфекциялық емес энтерит және колит

11. Бауырдың негізгі аурулары (фиброз, цирроз, бауыр жетіспеушілігін қоса алғанда)

Тірек-қимыл аппараты және дәнекер тін аурулары

12. Артропатия, дорсопатия

13. Дәнекер тіннің жүйелік зақымдануы

Эндокриндік жүйенің аурулары, тамақтану және зат алмасу процесінің бұзылуы

14. Қант диабеті

15. Қалқанша безі аурулары

Жүйке жүйесі аурулары

16. Эпилепсия

17. ДЦП

Несеп-жыныс жүйесі аурулары

18. Гломерулярлық аурулар

19. Созылмалы интерстициальды нефрит

20. Қуық асты безінің гиперплазиясы

21. Сүт бездерінің қатерсіз дисплазиясы

22. Әйелдер жыныс мүшелерінің қабынбайтын аурулары

Перинаталдық кезеңде туындайтын белгілі бір жағдайлар

23. Перинатальды кезеңде пайда болатын бронхопульмониялық дисплазия

Туа біткен ауытқулар, деформациялар және хромосомалық ауытқулар (балалар)

24. Операциядан кейінгі кезеңдегі жүректің туа біткен ақаулары

25. Туа біткен ақаулар

Скринингтік зерттеуден өтетін топтар

1

ҚАУІП-ҚАТЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫН АЛДЫН АЛА-АНЫҚТАУ ҮШІН

30-70 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер артериялық гипертензия, жүректің ишемиялық ауруы, қант диабетін, глаукома, онкопатологияларды ерте анықтау үшін скринингтік зерттеулерден өтеді

2

Артериялық гипертензия, жүректің ишемиялық ауруы, қант диабетін ЕРТЕ КЕЗДЕН АНЫҚТАУ

Артериялық гипертензия, жүректің ишемиялық ауруы және қант диабетіне байланысты динамикалық бақылаудан өтпеген 40 пен 70 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер

3

ГЛАУКОМАНЫ ерте анықтау үшін

Глаукомаға қатысты бақылауға алынбаған 40-70 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер

4

Жатыр мойны қатерлі ісігін ерте анықтау үшін

30-70 жас аралығындағы әйелдер (жатыр мойнының қатерлі ісіктерімен, динамикалық бақылаусыз)

5

СҮТ БЕЗІ ҚАТЕРЛІ ІСІГІНІҢ АЛДЫН-АЛУ

40-70 жас аралығындағы әйелдер (сүт безі қатерлі ісіктерімен динамикалық бақылауда тұрмайтын)

6

КОЛОРЕКТАЛЬДЫ ОБЫРДЫ ЕРТЕ АНЫҚТАУ

Тоқ ішектің қатерсіз және қатерлі ісіктерімен динамикалық бақылауда тұрмайтын 50-70 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер

7

В ЖӘНЕ С ВИРУСТЫҚ ГЕПАТИТТЕРІН ЕРТЕ АНЫҚТАУ

Тәуекел топтары:

1. медицина қызметкерлері:

- гемодиализбен айналысатын, қанды қайта өңдеуге қатысатын инвазивтік емшаралар жүргізетін ұйымдар;
- хирургиялық, стоматологиялық гинекологиялық, акушерлік гематологиялық бейінмен жұмыс істейтін, сондай-ақ диагностика мен емдеудің инвазиялық әдістерін жүргізетін;
- клиникалық, иммунологиялық, вирусологиялық, бактериологиялық, паразитологиялық зертханалар;

2. жоспарлы және шұғыл операцияларға түсетін адамдар

3. гемодиализ, гематология, онкология, транспланттау, жүрек-тамыр және өкпе хирургиясы орталықтары мен бөлімшелерінің науқастары

4. гемотрансфузия, ағзаларды (ағзалардың бөліктерін), тіндерді, жыныстық, феталдық, дің жасушаларын және биологиялық материалдарды транспланттау мен ауыстырып салуды алатын науқастар

5. жүкті әйелдер

6. АИТВ-инфекциясын жұқтырғандар

-  www.fms.kz
-  1406
-  SaqtandyrýBot
-  [fondosms](https://www.facebook.com/fondosms)
-  [fms.kz](https://www.instagram.com/fms.kz)
-   [Qoldau 24/7](#)

МСҚ БАЙЛАНЫСУ ЖОЛДАРЫ



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!